

*Ә. Е. Садықова, педагогика және басқару теориясының кафедрасының доценті, полиция подполковнигі*

*(Қазақстан Республикасы ІІМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы, Қазақстан Республикасы, Қарағанды қ.)*

## **Педагогикалық технология және оқытушының шеберлігі**

*Аннотация. Педагогикалық технология — жобаланған педагогикалық процесті және оқытудың әдісі мен мазмұнын, мақсатын оқытатын, педагогикалық ғылымның бөлімі. Бұл оқытудың формасын, әдісін, тәсілін, тәрбиенің құралын жинақтауды анықтайтын психологиялық-педагогикалық құрылғылардың жинағы.*

*Түйін сөздер: педагогикалық технология, оқыту технологиясы, білім беру технологиясы, техника, технология, оқытушы, оқытушылар.*

Білім беру — бұл қоғам мүшелерінің адамгершілік интеллектуалдық мәдени дамуының жоғары деңгейін және кәсіби біліктілігін қамтамасыз етуге бағытталған тәрбие беру мен оқытудың үздіксіз процесі [1].

Жаңа педагогикалық технология деген не? Ол үшін алдымен «техника», «технология», терминдерінің мағынасын түсініп, тереңінде не жатыр, соны ақылмен аңғаруымыз қажет. Ол үшін әлемдік педагогикалық тәжірибеде «технология» ұғымының тарихына көз жүгірткеніміз жөн [2].

«Технология» түсінігі біркелкі емес түсіндіріледі. С. Смирнов оны төмендегідей анықтайды:

оқытуды ұйымдастыруда «форма» немесе «әдістеме» түсініктерінің синонимі ретінде (бақылау жұмысын орындау технологиясы, қарым-қатынас технологиясы);

нақты педагогикалық жүйенің синонимі ретінде (оқытудың «дәстүрлі» технологиясы, В. В. Давыдовтың, Д. Б. Эльконинаның мектепке арналған жүйесі және т. б.).

Бірақ бұл түсіндірулер «технология» түсінігін ашпайды, сондықтан «білім беру технологиясы», «педагогикалық технология», «оқыту технологиясы» терминдерін қарастыру қажет. Берілген түсініктерді салыстырмалы талдау Л. А. Шкутина, М. К. Танасейчук еңбектерінде көрсетілген [3].

Білім беру технологиясы білім беру стандартында және мемлекеттік бағдарламаларда ұсынылған білім беру әрекетін жүйелі ұйымдастырудың тәсілін, оның жалпы мақсаттық және мазмұндық бағыттарын, ұйымдастыру құрылымы мен формасын түсіндіреді.

Педагогикалық технология білім беру технологиясын жүзеге асырумен түсіндіріледі. Оған нақты пәнінен тәуелді емес, оқу-тәрбие процесін жүзеге асыратын заңдылықтар жатады. Педагогикалық технология ғылым мен практиканың басқа да салаларында кеңінен таралған, әртүрлі арнайы технологияларды, жаңа ақпараттық технологиялар, электрондық және т. б. кірістіреді.

Оқыту технологиясы педагогикалық технология сұрақтарын, тақырыптарын, затын нақты меңгеруге жол ашады.

Оқыту технологиясының анықтамасын Скиннер былай деп берді:

«Оқыту технологиясы — психология жетістіктерін педагогикалық практикада қолдану» немесе «Оқыту технологиясы — бұл оқытудың тиімділігін артыру мақсатымен білім беру үрдісін зерттеу негізінде оқу үрдісін жүзеге асыру және бағалау, бағдарламалаудың жүйелі тәсілі». Әрі қарай бағдарламалау идеясының қалыптасуына, оқытудың арнайы техникалық құралдарын жасауға байланысты «оқыту технологиясы» терминінің орнына «білім технологиясы» немесе «оқу үрдісінің технологиясы» деген термин пайда болады.

В Беспалько «педагогикалық технология дегеніміз — тәжірибеде жүзеге асырылатын белгілі бір педагогикалық жүйенің жобасы, ал педагогикалық жағдайларға сай қолданылатын әдіс-тәсілдер — оның құрамды бөлігі ғана, оқыту процесін жүзеге асырудың мазмұндық техникада педагогикалық ұйымдастыру мен жүзеге асырудың жобасы (алгоритмі)» деп түсіндіреді [4].

Г. М. Құсайыновтың есебінше педагогикалық технология әдеттегі түсініктерден басқа. Ол оқытушының жоспарланған оқыту мен тәрбиелеудегі мақсаттары мен нәтижелерге жету, сабақ беру процесі емес, ол кәсіби ұстаздың басшылығымен білім алушылардың өзінің және өзара оқыту процесі, ол білім берудің мазмұны мен оқу жоспарларының бағдарламаларында ескерілген іс-әрекеттердің сол түрлерін меңгеру жұмыстарының әрбір сатыларындағы болатын өзгерістер мен қайта құру болады.

Педагогикалық технология теориялық педагогика мен практика аралығында орын алып отыр. (В. Богомолов, Т. Ильин, А. Космодемьянская, М. Кларин, Ф. Янушевич сияқты ғалымдар осылай түсіндіреді.) Педагогикалық технология деп мақсаттар қою, оқу жоспары мен оқу бағдарламасын үнемі жақсартып отырудың, педагогикалық жүйелерді бүтіндей бағалаудың және ол жүйелердің тиімділігі жөніндегі ақпарат.

Педагогикалық технология — педагогикалық қолданбалы сипаты бар, бүтіндей алғанда, жалпы дидактика мен педагогиканың практикалық жалғасы. Ол классикалық дидактиканы дамытады, мынадай технология ұстанымдарына сүйенеді:

а) технологиялық құрылымдық және мазмұндық ұстанымдары;

ә) оның диагностикалық мақсаттылығы, аяқталғандық, әлеуметтік және табиғатқа сәйкестілік, барлық үрдістердің қарқынды жүруі (В. Беспалько, 1984) Шетел зерттеушілері педагогикалық технологияны психология, әлеуметтік философия, басқару және мақсат қою теориясы, техника, қарым-қатынас, аудиовизуальды білім беру және кибернетика элементтерінен тұратын пәнаралық конгломерат ретінде қарастырып отыр [5].

Жаңа білім беру технологиясын іске асырудың қажетті шарты ретінде мынадай әдіснамалық принциптерге міндетті түрде баса көңіл аудару аса маңызды:

1. Оқытушының педагогикалық кәсіби қабілетіне сену принципі.
2. Оқытудың кез келген уақыты аралығында берілген пәннен оқыту кепілді дайындығы болу принципі.
3. Оқу процесінің модульдік жобалау принципі.
4. Жоғарғы оқу орнындағы кері тартпалық пен шек қойып тежеулікті жойып, бұрынғы дәстүрлі оқыту көздерін дұрыс ара-қатынаста үйлесімді пайдалану принципі.

5. Ұйымдастыру және оқыту технологияларын қолдану мен қалыптастырудағы мәліметтердің дұрыстығы мен шындыққа сәйкестік принципі.

Қандай да бір істі өзінің нақты деңгейіне жеткізіп атқару үшін шеберлік керек. Шеберлік барлық іс-әрекеттерге де, барлық мамандықтарға тән қасиет [6].

Оқытушының шеберлігі педагогикалық іс-әрекетті жоғарғы педагогикалық мамандық негізінде басқара білу.

Педагогикалық іс-әрекеттер мынадай құрылымдардан тұрады: іс-әрекет мақсаты, іс-әрекет объектісі, іс-әрекет субъектісі, іс-әрекет құралы.

Педагогикалық шеберлікті жетілдірудегі негізгі мақсаты — оқытушы мамандық бойынша өзінің алдына қойған мақсатты педагогикалық іс-әрекеті деңгейіне жеткізе отырып нәтижелі түрде іске асыра білу. Оқытушының шеберлігі екі жағынан бірдей танылады: бірінші жағы, баланы қалай, қалайша оқыту үшін оның психологиясын білу, екінші жағы, оқытып-тәрбиелеудің әдіс-тәсілдерін, жолдарын терең білу және оны қолдана білу. Тәжірибеде осы талаптарға сай оқытушының шеберлігі қалыптасып жетіледі.

Оқытушы сабаққа қойылатын талаптарды дұрыс ұйымдастыруда ғана өзінің алдына қойылған міндеттерді дұрыс шешеді, мақсатына жетеді. Оқытуда ұйымдастырудың негізгі формасы — сабақ, өзінің алдына қойған мақсатымен, білімділік, тәрбиелік мәнімен, оқыту әдіс-тәсілін принциптермен ерекшеленеді. М. Н. Скаткин сабақты «су тамшысына түскен күннің сәулесіндей жан-жағынан жарқырайды» деп сипаттама береді [7].

Оқытушы үлкен жауапкершілікпен, творчестволық шеберлікпен өткен әрбір сабағы оқушылардың дұрыс көзқарасын, сезімін, әдет-дағдысын қалыптастырады. Сондықтан әрбір сабақтардың мазмұнды болуы, биік сапасын жетілдіру оқытушы ерекше жауапкершілік міндет жүктейді. Бұл міндетті жүзеге асыру оқытушының жеке басының дайындық ахуалына байланысты. Оқытушының сабаққа дайындығы ұзақ мерзімді және күнделікті [8].

Ұзақ мерзімді дайындық оқытушының өзі жүргізетін пәні бойынша бағдарламаларымен толық танысып, жекелеген тақырыптарды оқып үйрене отырып, оны оқушыларға жеткізе білу, үйрете білу, әдіс-тәсілдерін игеру жөніндегі методикалық нұсқаулары, ол жөніндегі жекелеген оқытушының іс-тәжірибесін үйренуге байланысты жүзеге асырады.

### РЕЗЮМЕ

Педагогическая технология — специальный набор форм, методов, способов, приёмов обучения и воспитательных средств, системно используемых в образовательном процессе на основе декларируемых психолого-педагогических установок, всегда приводящий к достижению прогнозируемого образовательного результата с допустимой нормой отклонения.

### RESUME

Educational Technology — a special set of forms, methods, techniques, teaching methods and educational resources, systematically used in the educational process on the basis of declared psychological and educational settings, always leading to the achievement of the projected learning outcomes with acceptable standard deviation.

---

### Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Әбиева Ж., Бабаев С., Құдиярова А. Педагогика. — Алматы, 2004.
2. Барсай Б. Педагогикалық технология ұғымының мәні мен әдіснамалық сипаттамалары // Бастауыш мектеп. — 1999. — № 8-9.
3. Іргебаева Ә. И. Оқыту технологиясы ұғымы, мәні, сипаттамасы // Білім берудегі менеджмент. — 2000. — № 2.
4. Беспалько В. П. Слагаемые педагогической технологии. — М., 1989.
5. Сонда.
6. Ильина Т. А. Педагогическая технология // Буржуазная педагогика на современном этапе / Под ред. В. А. Мальковой, Б. Л. Вульдсона. — М., 1984.
7. Боголюбов В. И. Педагогическая технология: эволюция понятия // Советская педагогика. — 1991. — № 9.
8. Ишанов П. З., Исакова М. Б., Конхашова Ұ. М. Педагогикалық шеберлік пәні бойынша практикалық сабақтарды өткізуге арналған әдістемелік нұсқаулар — Қарағанды, 2007.